

## ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯДАҒЫ ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ДАУЛАР: ҚАЗІРГІ ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ШЕШУ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Иса Аружан Амангелдіқызы**

aruzhan.isa.01@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті  
Аймақтану кафедрасының 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Қилыбаева П.Қ.

**Аннотация.** Бүгінгі таңда ең өткір проблемаларға мемлекеттер арасындағы қақтығыстарды тудыратын территориялық даулар жатады. Аумақтық даулар халықаралық шиеленістің себебі болып табылатын аймақтардың бірі-Оңтүстік-Шығыс Азия. ХХІ ғасырдың басын аумақтық даулардың шиеленісуімен сипатталады, бұл ұлттық өзін-өзі танудың өсуі, дамушы елдердегі демографиялық және экономикалық проблемалармен, ресурстарға қажеттілікпен және т. б. байланысты.

**Түйінді сөздер.** халықаралық жанжал, территориялық даулар, Оңтүстік – Шығыс Азия аймағы, қақтығыс.

**Кіріспе.** Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесі көптеген шешілмеген проблемаларға тап болады, олардың арасында территориялық даулар айтулы орын алады. Жергілікті қақтығыстардан олар халықаралық қақтығыстарға айналуы және ірі қарулы қақтығыстардың себебі болуы мүмкін. ХХІ ғасырдың басы территориялық даулардың шиеленісуімен сипатталады, бұл ұлттық өзін-өзі танудың артуымен, дамушы елдердегі демографиялық және экономикалық проблемалармен, ресурстарға мұқтаждық және т. б. байланысты. Бүгінде ең өткір проблемаларға мемлекеттер арасындағы қарулы қақтығыстарды тудыратын территориялық даулар жатады. Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының VI тарауының баптарында [1] мемлекетаралық қақтығыстар «даулар» және «ахуал» болып бөлінеді. Ахуал мемлекетаралық қатынастардың жағдайын білдіреді, ол өзінің әрі қарай дамуында бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін халықаралық қақтығысқа айналуы мүмкін. Халықаралық дау екі немесе бірнеше мүдделер талаптарының өзара немесе бір жақты қақтығысы [2].

Территориялық даулар халықаралық шиеленістің себебі болып табылатын аймақтардың бірі - Оңтүстік-Шығыс Азия (ОША). Оңтүстік-Шығыс Азиядағы территориялық дауларды зерттеудің өзектілігі келесі факторларға байланысты:

1. Қазіргі уақытта әлемнің жетекші державалары (АҚШ, Жапония, Батыс Еуропа елдері) Оңтүстік-Шығыс Азиядағы позицияларын нығайтуға және аумақтық дауларға жанама әсер ете отырып, кез-келген елдің нығаюына жол бермеуге тырысуда.

2. Халықаралық қатынастарда энергетикалық мәселенің шиеленісуіне байланысты ерекше маңызға ие Қытай мен АСЕАН елдері арасындағы аймақта территориялық қайшылықтардың болуы (алдын ала бағалау бойынша даулы аумақта шамамен 2,5 млн.баррель мұнай бар).

3. Азия-Тынық мұхиты аймағындағы дәстүрлі ойыншылардың бірі және тұрақты тұрақсыздық ошағы Оңтүстік-Шығыс Азия болып табылады: Оңтүстік-Шығыс Азиядағы территориялық даулар аймақтағы интеграциялық процестердің қалыпты дамуына кедергі келтіреді.

4. Террористік қауіптің өсуіне байланысты Оңтүстік-Шығыс Азия жоғары маңыздылыққа ие, өйткені бұл аймақта әлемдегі ең үлкен мұсылман халқы бар ел (Индонезия) және бірқатар елдерде «Джемаа Исламия» (Индонезия, Филиппин, Малайзия) сияқты террористік ұйымның базалары бар.

5. Оңтүстік — Шығыс Азия қолайлы географиялық жағдайға ие, жаһандық даму стратегиясы мен негізгі аймақтық саяси үрдістерді айқындайтын әлемдік экономикалық және саяси орталықтар - АҚШ, Жапония және Қытай арасында орналасқан.

Оңтүстік-Шығыс Азия аймағы Оңтүстік-Шығыс Азия қауымдастығының (АСЕАН) құрамына кіретін елдер және Шығыс Тимор кіреді. БҰҰ классификациясына сәйкес Оңтүстік-Шығыс Азия келесі елдерді қамтиды: Шығыс Бруней, Вьетнам, Индонезия, Камбоджа, Лаос Халықтық Демократиялық Республикасы, Малайзия, Мьянма, Сингапур, Таиланд, Шығыс Тимор [3].

Территориялық даулар объектісінің түріне байланысты құрлық пен теңіз аумағының учаскелеріне, сондай-ақ ерекше жағдай ретінде аралдарға қатысты даулар болып бөлінеді [4]. Аумақтардың құқықтық мәртебесі критерийі мемлекеттік режим туралы, тіпті халықаралық режимі бар аумақтар туралы дауларды бөлуге мүмкіндік береді. Әлемдік саяси жүйенің дамуының қазіргі кезеңінде әртүрлі дерек көздеріне сүйенсек 115 реттелмеген аумақтық қақтығыстар. Қазіргі заманғы аумақтық қақтығыстардың ошақтары бірқатар маңызды белгілермен ерекшеленеді, олардың әлемнің әртүрлі аймақтарындағы көріністерінде ұқсас белгілері бар.

#### **Аймақтағы негізгі территориялық даулар**

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы территориялық даулардың көпшілігінің ұзақ тарихы бар және отарлық державалардан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде пайда болды.

Оңтүстік - Шығыс Азиядағы территориялық қақтығыстардың ең ірісі, күрделісі Парасель аралдары мен Спратли архипелагына қатысты шиеленіс. Бұл қақтығысқа ОША-ның барлық елдері дерлік, яғни, тек дәстүрлі аймақтық ойыншылар ғана емес, Жапония мен АҚШ - та қатысады, ал негізгі талаптар Қытай тарапынан болып отыр және қақтығысқа қатысты агрессивті ұстанымда, осылайша бұл дау халықаралық деңгейге дейін көтерілді [5].

Парасель мен Спратли аралдары, сондай-ақ олардың маңайындағы суларда ірі көлемде балық аулауға мүмкіндік береді. Бірақ мемлекеттердің Оңтүстік Қытай теңізінің аралдарына деген талаптары, ең алдымен, олардың аумағында да мұнай мен табиғи газдың ең ірі кен орындарының болуымен түсіндіріледі. Сондай - ақ, аралдарда фосфат кен орындары (теңіз құстарының гуано (құстың қиы) ыдырайтын экскрециясы) бар. Шамамен архипелагтағы гуано қоры 2, 8 миллион тонна мөлшерінде.

Бүгінде Парасель мен Спратли аралдарына талабын білдіруші жеті мемлекет, олар сонау XX ғасырдың басынан бастап осы аумаққа таласушы Қытай, Вьетнам және Тайвань, Филиппин, Малайзия, Индонезия мен Бруней.

Парасель аралдарының кімге тиесілілігін Қытай мен Вьетнам, ал Спратли архипелагына Қытай, Вьетнам, Филиппин және Малайзия таласуда. Ерекше экономикалық аймақтың (ЕЭА) және континенталды аумақтық қайраңның шекарасы туралы дау-дамайға осы елдердің барлығы, сондай-ақ Бруней мен Индонезия қатысады.

Ерекше экономикалық аймақ-территориялық және оған іргелес теңізден тыс орналасқан, ерекше құқықтық режим қолданылатын аудан. Оның ені бастапқы шектен бастап 200 теңіз милінен (370,4 км) аспауы керек.

2014 жылдың мамыр айының басында ҚХР даулы Парасель аралдары аймағында мұнай платформасын орнатты, бұл Вьетнаммен үлкен қақтығысқа әкелді [6].

2016 жылдың 12 шілдесінде Гаага соты Филиппиннің талап етуі бойынша шешімін жариялады, оған сәйкес Қытайдың Спратли архипелагының аймағындағы АЭА - ға қатысты барлық аумақтық талаптары негізсіз делінді.

Оңтүстік Қытай теңізі туралы дау шартты түрде шешіледі: бұл туралы шешім 2016 жылы қабылданды, алайда Қытай оны орындаудан үзілді-кесілді бас тартты. [7]. Соған қарамастан, Қытай қазір жасанды аралдардың құрылысын жүргізуде және оларды белсенді милитаризациялауды іске асыруда, бұл аймақтың басқа елдерінің де, сондай-ақ, таяу

уақыттан бастап флотын Оңтүстік Қытай теңізінде ұстаған Жапония мен АҚШ-тың да наразылығын тудырды. Қытай Оңтүстік Қытай теңізіне қатысты кез-келген талаптан қайту әрекетін жоққа шығарады және акваторияның үлкен бөлігін өз аумағының бір бөлігі деп санайды. Қазіргі кезде Қытай іс жүзінде Оңтүстік Қытай теңізінің көп бөлігін басқарады

Филиппин-Малайзия арасындағы даулы Сабах губернаторлығы. Ресми түрде, Сабах губернаторлығының аумағы Малайзияға тиесілі, өйткені 1976 жылы Филиппин оған қатысты талаптардан бас тартты. Бұрын Сабахтың аумағы Британдық колонияға тиесілі болған және 1881 жылдан 1963 жылға дейін Британдық Солтүстік Борнео деп аталған. 1963 жылы Сабах Малай Федерациясының құрамына кірді. Ол Малайзияның ең ірі губернаторлығының бірі.

2013 жылы Сабах губернаторлығының аумағында Сабахты қайтаруға тырысқан бірнеше ондаған Филиппиндік Қарулы азаматтардың қатысуымен қарулы қақтығыс болды. Филиппин өз талаптарын тарихи фактіге негіздейді. Шабуылды бастаушыларының бірі Сулу сұлтанатының (1703 жылы Сұлу сұлтандығы Бруней империясына әскери қолдау көрсеткені үшін Солтүстік Борнеоға ие болды) тағына үміткер Джамалул Кирам III деп аталады [8].

Сондай-ақ Борнео аралының солтүстігінде ислам экстремистерінің бассауғалайтын орны орналасқан. Қазіргі уақытта Филиппин Сабах губернаторлығын Малайзия аумағы ретінде танымайды, бірақ ресми шағымдар жасалған жоқ.

Сондай-ақ, Малайзия мен Индонезия арасында Сулавеси теңізіндегі Лигитан және Сипадан аралдары үшін келіспеушілік бар. Дау 1969 жылы бұрынғы отарлар тәуелсіздік алғаннан кейін пайда болды. Лигитан және Сипадан аралдарының тиесілігі құқықтық және картографиялық деректер негізінде туындады. 2002 жылы БҰҰ Халықаралық соты аралдарды Малайзияның юрисдикциясында таныды, Индонезия бұл шешімге қарсы болған жоқ, бірақ шекараны делимитациялау жүзеге асырылмады [9].

Екі мемлекет арасында Сулавеси теңізіндегі континенттік қайраңды бөлу туралы дау бар. 2013 жылғы 23 мамырда Филиппин үкіметі мен Индонезия үкіметі екі ел арасындағы ерекше экономикалық аймақты шектейтін шекара сызығын құру туралы келісімге қол қойды. Шекара сызығының солтүстігі Филиппиннің (Минданао теңізі деп аталып), ал шекара сызығының оңтүстігі Индонезияның (Сулавеси теңізі деп аталып) құзыретінде болады деп шешілді [6].

#### Аймақтағы басқа да негізгі территориялық даулар [10].

Жанжалға қатысушылар	Жанжалдың мәні	Қазіргі кездегі жағдай
Вьетнам, Индонезия	Натуна аралының аумағында континентальды қайраңды бөлу туралы дау	2003 жылғы келісіммен реттелген.
Малайзия, Сингапур	Педра-Бранка, Мидл-Рокс және Сатледж аралдарына қатысты аумақтық дау	БҰҰ Халықаралық сотының шешіміне сәйкес 2008 ж. Педра-Бранка Сингапурдың юрисдикциясында, Мидл-Рокс, Сатледж - Малайзияның юрисдикциясында деп танылған

Таиланд, Малайзия	Колокольников өзені ауданындағы шекараны делимитациялауға қатысты дау	Шешімін таппады
Таиланд, Малайзия	Таиланд шығанағындағы континенттік қайранды бөлу туралы дау	Шешімін таппады
Таиланд, Камбоджа	Прэахвихеа ғибадатханасы орналасқан аумақтың тиесілігіне қатысты шекаралық дау	Халықаралық Соттың 1962 жылғы шешіміне сәйкес аумақ Камбоджаның юрисдикциясында деп танылды. Де факто тараптар қақтығыс жағдайында.
Таиланд, Лаос	Меконг өзені арқылы өтетін Таиланд-Лаос шекарасына қатысты дау	Дау шешілді, бірақ шекараны демаркациялау жүргізілмеді
<p><b>Дерек көзі:</b> Краткое изложение решений, консультативных заключений и постановлений Международного Суда 2008–2012 годы. Организация Объединенных Наций</p> <p>Нью-Йорк, 2014 год.- ST/LEG/SER.F/1/Add.5// <a href="https://legal.un.org/icsjsummaries/documents / russian/st_leg_serf1_add5.pdf">https://legal.un.org/icsjsummaries/documents / russian/st_leg_serf1_add5.pdf</a>. С.1.; С.271</p>		

#### **Аймақта қалыптасқан жағдайдың дамуына әсер ететін факторлар:**

- Географиялық фактор. Оңтүстік Қытай теңізінің су айдыны, оның ішінде Парасель және Спратли аралдары таяу орналасқан мемлекеттерге өз аумақтарын кеңейту мүмкіндігін білдіреді. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері өте тығыз орналасқан және көптеген мемлекеттер шағын аралдарда орналасқан, ал жаңа аумақтарды қосып алу олар үшін маңызды фактор болып табылады. Бұған теңіз шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету де кіреді. Қазіргі уақытта Оңтүстік Қытай теңізінің аумағында АҚШ пен Қытай әскери - теңіз күштері орналасқан. Сондай-ақ, ҚХР даулы аймақтағы жасанды аралдарды қалпына келтіріп, жөндеуде және милитаризациялайды.

- Геосаяси фактор. Оңтүстік Қытай теңізі әлемдегі ең маңызды кеме жүретін дәліздердің бірі болып табылады. Дәл осы жерде теңіз жолы өтеді, ол арқылы аймаққа Таяу Шығыстан мұнай жеткізіледі. Үнді және Тынық мұхиттары арасындағы байланыс ретінде Оңтүстік Қытай теңізі арқылы әлемдік сауда трафигінің 50% - ы және шикі мұнай тасымалының 80% - ы Жапония, Оңтүстік Корея және Тайваньға тасымалданады.

- Әлеуметтік фактор. Қытайдың балықшыларға қатысты, олар балық аулауға ресми рұқсат алуға міндетті болуы, халықтың басым бөлігі үшін бұл негізгі табыс болып табылатын Оңтүстік-Шығыс Азия елдері үшін. өте тиімсіз, кері саясат. Осыдан, халықтың бір бөлігінің өз елдерінің саясатына наразылығы туындайды.

#### **Қорытынды.**

Қорытындылай келе, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде аймақшілік шешілмеген бірқатар шиеленістер бар, олардың көпшілігі шекараларды демаркациялаумен байланысты. Бұл елдердің барлығы дерлік бұрын британдық және испандық отарлар болған, сондықтан жанжалдардың тамыры XX ғасырдың ортасына кетеді, өйткені бұл кезең тәуелсіз және дербес мемлекеттердің құрылуымен байланысты. Әрине, бұл аумақтық даулар Оңтүстік-

Шығыс Азиядағы интеграциялық процеске де әсер етеді, даулардың көпшілігі әлі шешілмеген және олардың кейбіреулерін құқықтық реттеу перспективалары екіталай көрінеді. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен екіжақты және көпжақты әскери-саяси одақтарға негізделген ҚХР мен АҚШ-тың әскери-саяси қарама-қайшылығы және әскери-теңіз күштері мен «озық орналасу» күштерінің қуатты әлеуеті.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Устав Организации Объединённых наций. URL: [http:// www.un.org/ru/documents](http://www.un.org/ru/documents) (дата обращения: 15.02.2021).

2. Поляков Н.Е. Геополитические аспекты урегулирования территориальных конфликтов // География и регион: материалы междунар. науч.-практ. конф. (23–25 сентября 2015 г.): в 6 т. / Перм. гос. нац. исслед. ун-т. – Пермь, 2015. – Т. III: Социально-экономическая география. – 316 с.

3. Standard country or area codes for statistical use (M49), URL: <https://unstats.un.org/unsd/methodology/m49/> (дата обращения 11.05.2017)

4. Филиппины и Индонезия урегулировали многолетний территориальный спор // <https://ria.ru/20140523/1009055025.html> (дата обращения 23.05.2014).

5. Лексютина Я.В., США—КНР: соперничество в Юго-Восточной Азии обостряется // Азия и Африка сегодня, М. 2012. № 3. С. 2—9.

6. РИА, режим доступа: <https://ria.ru/world/20160712/1464640532.html> (дата обращения: 10.05.2016)

7. РИА, режим доступа: <https://ria.ru/world/20160402/1401270638.html> (дата обращения: 10.05.2017)

8. Краткое изложение решений консультативных заключений и постановлений Международного Суда 1997-2002 годы. «Дело, касающееся суверенитета над островами Пулау – Лигитан и Пулау – Сипадан (Индонезия против Малайзии) (Существо дела). Решение от 17 декабря 2002 года». - Организация Объединенных Наций. Нью-Йорк, 2006 год // [https://legal.un.org/icjsummaries/documents/russian/st\\_leg\\_serf1\\_add2.pdf](https://legal.un.org/icjsummaries/documents/russian/st_leg_serf1_add2.pdf). С.288-298

9. Соглашение между правительствами Индонезии и Малайзии, 2013, режим доступа: <http://www.gov.ph/2014/05/23/agreement-between-the-government-of-the-republic-of-the-philippines-and-the-government-of-the-republic-indonesiaconcerning-the-delimitation-of-the-exclusive-economic-zone-boundary/> (дата обращения 05.05.2017)

10. Краткое изложение решений, консультативных заключений и постановлений Международного Суда 2008–2012 годы. Организация Объединенных Наций Нью-Йорк, 2014 год.- ST/LEG/SER.F/1/Add.5// [https://legal.un.org/icjsummaries/documents/russian/st\\_leg\\_serf1\\_add5.pdf](https://legal.un.org/icjsummaries/documents/russian/st_leg_serf1_add5.pdf). С.1.; С.271

УДК 327

## **ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ КНР И РЕСПУБЛИКОЙ КОРЕЯ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ**

**Кабирова Айнура Жановна**

[Ainura19101993@gmail.com](mailto:Ainura19101993@gmail.com)

Докторант 1 курса по ОП «Регионоведение», ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан,  
Казахстан

Научный руководитель – П.К. Килыбаева